

Шарбақты ауданының аумағын аймақтарға бөлу жобасын (сұлбасын) бекіту туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 маусымдағы № 218/61 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 16 шілдеде № 4608 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 2020 жылғы 13 наурыздағы № 237/71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Шарбақты аудандық мәслихатының 13.03.2020 № 237/71 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 8-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 13) тармақшасына сәйкес Шарбақты аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Шарбақты ауданының аумағын аймақтарға бөлу жобасы (сұлбасы) осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Шарбақты аудандық мәслихатының 2007 жылғы 23 шілдедегі № 175/31 "Шарбақты ауданының аумағын аймақтарға бөлу жобаларын (сұлбаларын) бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12-13-32 тіркелген, 2007 жылғы 24 тамыздағы ауданның "Трибуна" газетінде жарияланған) шешімі өз күшін жойды деп есептелсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Шарбақты аудандық мәслихатының бюджет және ауданды әлеуметтік-экономикалық дамыту мәселесі жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

Сессия төрағасы


Аудандық мәслихат хатшысы









Л. Маринко

Т. Абдрахманов

Шарбақты аудандық
мәслихатының 2015
жылғы 22 маусымдағы
№ 218/61 шешіміне
қосымша

Павлодар облысы Шарбақты ауданының жер санаттары бойынша алқаптарға бөлу сұлбасы



-  Ауданның жер санаттары бойынша:
-  - егістік
-  - жайылымдық
-  - табиғи жайылымдар
-  Елді мекендердің жерлері
-  1. тұзды көл
-  2. тұщы көл
-  ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жері